

Қазақ идеологиясының негізі

Идеология - (грек. idea - ой, түсінік, және logos - ілім, ғылым) - қандай да бір қоғамның немесе оның бір бөлігінің (таптың, топтың, әлеуметтік жіктің, ұлттың, партияның, қозғалыстың және т.б.) мүдделері мен құндылықтарын көрсететін ой-пікірлер мен көзқарастардың, идеалдардың жиынтығы.

Идеология - адамдардың
үлкен әлеуметтік топтарының
іс-әрекетіне бағдар беріп, олардың
мақсат-мүдделерін білдіретін
идеялар
мен көзқарастар жиынтығы.

"Идеология" терминін француз ғаламы А.Дестют де Траси(1754-1836) енгізген.



Құндылық - философиялық-социологиялық ұғым. Құндылықтар өмірге, еңбекке, шығармашылыққа, адам өмірінің мәніне, т.б. баға беру қатынасынан тұрады. Құндылықтар қоғам үшін ең маңызды деген әдет-ғұрыптар, нормалар мен мән-мағыналар қызметін өзіне бағындырады және реттейді. Құндылықтар адам мүддесінің объектісі бола тұра, әлеуметтік, заттық ортадағы күнделікті тіршілікте бағыи беру рөлін атқарады.

1992 жылы «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы және дамуы», ал 1993 жылы «Қоғам Қазақстан прогресінің шарты ретіндегі идеялық консолидациясы» концепциялары дайындалып, жарияланды. Бұл құжатта мынадай төмендегі мақсаттар мен бағыттар бөлініп, қарастырылды:

- тұрақтылықтың және ұлтаралық келісімдердің реформаны ойдағыдай жүзеге асырудың міндетті шарты ретінде қамтамасыз етілуі;**
- барлық азаматтардың әл-ауқатын жеткілікті деңгейде қамтамасыз ететін қоғамның дамуы;**
- Қазақстанның этникалық ерекшеліктері мен ұлттық-мәдени көптүрлілігінің сақталуының дамуы;**
- демократиялық қайта жаңғыртуларды тереңдету және саясаттағы плюрализмді қамтамасыз ету**



**идеология мен құндылықтар:
мысалы, мектеп, іс, үкімет
департаменті, жан-ұя,
қауымдастық**

- Т Топтар шетелдік азаматқа келесілерді түсіндіре отырып, екі құжат дайындайды (әрқайсысы максимум 350 сөзден тұрады):

1. Қазақ халқы мен мемлекетінің қазіргі идеологиясы
2. Қазақстан азаматтарының негізгі құндылықтары мен ұстанымдары.



Ұлттық идеяларлар:

- Қазақстандық идея: Ұлттар бірлігі
- қазақ ұлтының өзінің экономикалық өсуі және мәдени өрлеуі;
- ауыл-дың, ауылдық елді мекендердің қайта түлеуі
- Ұлттық мүдделер қазақтар мен басқа да этностардың материалдық және рухани дамуын қолдау

- **Құндылық** - [мәдениеттің](#) құрамдас бөлігі. Мәдениеттің құрамдас бөлігі болуы себепті құндылық адамдардың өзін ұстауын реттейді, олардың шынайы тәртібін айқындайды.
- **Құндылық** – тәрбие мен оқытудағы адамгершілікке бағытталған мұраттар. Оларға: меймандостық, кісілік, сыйластық, имандылық, кішіпейілділік, салауаттылық, қайырымдылық, ізгілік, еркіндік, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайылық, мәдениеттілік, шығармашылдық, рухани байлық, махаббат сынды қасиеттер жатады.

- «Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиелі баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті»

М. Жұмабаев

Екі оқушы дүкенге келе жатыр.

- Айдын: - Сәлем, Ұлан! Қайда бара жатырсың?
Ұлан: - Мені анам базарға жұмсап еді, қымыз алуға бара жатырмын.
Айдын: - Қымыз?! Қымыз дейсің бе? Оны не қылмақсың?
Ұлан: - Не қылғаны несі, ішемін. Біз отбасымызбен қымыз сусынын жақсы көреміз.
Айдын: - Ой, Ұлан, мынадай Кока-кола сусыны тұрғанда қымызды не қыласың. Өзің ішіп көрші, сондай дәмді, әрі шөліңді тез қандырады.
Ұлан: - Айдын, сен қателесесің. Кока-кола адам денсаулығына зиян. Коланың құрамында неше түрлі химиялық қоспалар бар
Айдын: - Ей, қойшы, сен де ақылды болады да жүреді екенсің. Өзімнің Колама ешқандай сусын жетпейді.
- *Сіз қандай сусынды жақсы көресіз?*

- қазақ халқы ән десе ішкен асын жерге қояды. Қазіргі кезде жастар жеңіл музыканы ұнатады. Сіздің бұған деген көзқарасыңыз қандай?

- “Жігітке жетпіс өнер де аз”, “Өнер таусылмас азық, жұтылмас байлық” – деп өнерді құдіретті күш, адамның жан серігі, ертеңгі күнгі жейтін тамағы, ішетін сусыны, рухани байлығы деп бағалаған. Қазақтың қолөнері, зергерлік өнері өзінің төлтума бітім қасиетімен, көркемдік мән - мағынасымен шын мәніндегі халқымыздың ғасырлар тағылымынан өткен асыл қазынасы.